

ӘОЖ 1/14 (075.8)  
КБЖ 87 я 73  
Е 31

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған*

#### Шікір жазғандар:

философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Алтаев  
философия ғылымдарының докторы, профессор С.Б. Бүлекбаев  
философия ғылымдарының докторы, профессор Д.С. Раев

**Еділбаева С.Ж., т.б.**

Философия (сызбалар мен кестелерде): оқу құралы /  
С.Ж. Еділбаева, А.Т. Нығметова, К.М. Науанова. – Алматы:  
ты: Қазақ университеті, 2014. – 172 б.  
**ISBN 978-601-04-0569-1**

Бұл оқу құралы «Философия» курсының типтік оқыту бағдарламасы негізінде жазылған.

Кестелер, сызбалар, тапсырмалар мен жаттығулар, тестілік тапсырмалар философия тарихының негізгі кезеңдерін, онтологияның негізгі проблемалары мен категорияларын, гносеологияны, антропологияны, әлеуметтік философияны бейнелейді. Еңбек студенттерге, оқытушыларға, сонымен қатар философияға қызығушылық танытатын көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 1/14 (075.8)**  
**КБЖ 87 я 73**

ISBN 978-601-04-0569-1

© Авторлар ұжымы, 2014  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

## КІРІСПЕ

**Курс:** Философия – адам болмысының іргелі принциптері мен негіздері, адамның табиғатқа қатынасының негізгі сипаттамалары және қоғам мен рухани өмірдің барлық маңдай көріністері туралы білімдер жүйесін қалыптастыратын дүние танудың ерекше формасы. Философия – адамзаттың ой-таным, дүниеге көзқарасы, рефлексиясы, оның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі тану жолдарының бірі. Курстың негізгі бөлімдері – адам болмысы және оның ғұмыр-тіршілігінің мәні, мағынасы, адам, қоғам, өркениет, мәдениет, бостандық пен жауапкершілік, адам танымдық көкжиегі мен қарекеті, жаһандық мәселелер шешілуі, философияның іргелі мәселелерін таныстыруға арналған. Курсты және т.б. аясында өзара сабақтастықтағы әлемдік және отандық философияның бағыттары мен мәселелері де қарастырылған.

**Курстың мақсаты:** студенттердің философиялық мұраны меңгеруіне, философияның негізгі теориялық мәселелер аясымен танысуына, сонымен бірге философиялық мәдениет пен өзіндік дүниетаным, қисынды және бірге ойлай білу, өзінің ұстанымын айқындай алу негіздерін қалыптастыруға бағытталған.

**Курстың міндеттері:** Философиялық ой кешудің тарихи типтерін мәдениет контекстінде талдау; болашақ мамандардың философиялық дүниетанымдық және әдіснамалық мәдениетін қалыптастыру.

«Философия» курсының оқу барысында студент игеруі тиіс білімдер:

- философия пәні, мақсаты мен міндеттері;

- философия мәселелерінің негізгі аясы;

- философиялық дүниетанымның мәдениет контекстіндегі ерекшеліктері және оның адам өмірлік тандауының стратегиясына ықпалы.

**Білуі қажет:** философияның негізгі терминдері мен мәселелері; негізгі философиялық тұжырымдамаларды; мәдениет контекстіндегі дүниетанымдық еруалдарды шешудің негізгі философиялық тәсілдері.

**Жұмыс істей білуі шарт:** нақтылы мәдениет дүниетанымдық сауалдар, адамзат тарихындағы дүниетанымдық мәселелерді көп білу мен шешудің альтернативтік тәсілдерін анықтап, методологиялық алған білімін курс жұмыстары мен рефераттар жазуда қолдану, оқу барысы